**М.Ғабдуллин атындағы №3 көпсалалы гимназиясының мектепішілік жалпы ата-аналар жиналысының №1 Хаттамасы**

**Қатысқандар:**
**Қатыспағандар:**
**Өткізу күні:** 26 қыркүйек 2023 жыл
**Өткізу уақыты:**18.30
**Тақырыбы:** «Отбасы және мектеп: ынтымақтастық қырлары».
**Өткізу форматы:** Офлайн (салтанат залы).
**Қатысушылар:** Қамқоршылық кеңесі, ата-аналар комитеті, мектеп директоры, ДТІЖО, психолог, әлеуметтік педагог, ОІЖО, сынып жетекшілер.

**Тақырыбы:«Отбасы және мектеп: ынтымақтастық қырлары»**

**Күн тәртібі:**

1. 2023-2024 оқу жылына мектепте оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың негізгі міндеттері және қызметінің негізгі міндеттері және қызметінің негізгі бағыттары және оларды жүзеге асыру жолдары.

ДОІЖО Оразова Гульзира Казиевна

2. Білім беру мекемесінде оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру қамқоршылық кеңес мүшелері асханада мониторинг жүргізуі.

Әлеуметтік педагог Абуова Д.К

3. Құқық бұзушылықтың алдын алу және қоғамдық тәртіп ережелерін сақтау. Жазғы кезеңдегі құқық бұзушылықтар туралы ақпарат.

ДТІЖО Кенжина А.Б. /педагог-психолог Тауфих Амангүл

4. Сынып бойынша ата-аналар жиналысы (сұрақ/жауап).

ДТІЖО Терханова О.Ж.

Күн тәртібіндегі І мәселе бойынша ДОІЖО Г.К.Оразова сөз алды.

1) 2023-2024 оқу жылының басталуы – 2023 жылы 1 қыркүйек, аяқталуы 2024 жылы 25 мамыр;

2)оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 (12) сыныптарда – 34 оқу аптасы. Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

3)Оқу жылы барысындағы демалыс кезеңдері:

1) күзгі демалыс – 7 күн (2023 жылғы 30 қазаннан бастап 05 қарашаны қоса алғанда);

2) қысқы демалыс – 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);

3) көктемгі демалыс – 11 күн (2024 жылғы 21 наурыздан бастап 31 наурызды қоса алғанда);

4) 1 – сыныптарда қосымша демалыс - 7 күн (2024 жылғы 5 ақпаннан бастап 11 ақпанды қоса алғанда).

2.Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Сөйледі: Күн тәртібіндегі ІІ мәселе бойынша әлеуметтік педагог Казгожина Құндыз білім беру мекемесінде оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру қамқоршылық кеңес мүшелері асханада мониторинг жүргізуі туралы таныстырып өтті. Сонымен қатар оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру бойынша басты міндеттерді айтып өтті. Тамақтандыруды ұйымдастыруда бала денсаулығын, оның дене және ақыл-ой дамуын анықтайтын бағыттардың бірі өскелең ұрпақты сапалы тамақтандыруды ұйымдастыру болып табылады. Дұрыс ұйымдастырылған тамақтандыру оқушылардың денсаулығын сақтауға көмектесетіні сөзсіз.

Оқушыларды тамақтандыру белгіленген кестеге сәйкес жүргізіледі. Бастауыш сынып оқушыларын сынып жетекшілері асханаға алып барады және кезекші мұғалімдер тамақтану кезіндегі оқушылардың тәртібін қадағалайды. Тамақтану блогының санитарлық-техникалық жағдайы санитарлық талаптарды қанағаттандырады.

жасөспірімдерді сынып ұжымында оқшаулау олардың құқық бұзушылық жолына түсуіне ықпал ететін басты себептердің бірі болып табылады.

Көше. Отбасында және мектепте қолдау мен көңіл бөлінбей өскен кәмелетке толмаған адам қарым-қатынас қажеттілігін қанағаттандыра алатын басқа ортаны іздейді. Жас-өспірім, әдетте, көшеде қарым-қатынастың жетіспеушілігін толтыруға тырысады. Егер мұнда ол «жаман» әсерге ұшыраса, онда оның қалыптасуы теріс болуы мүмкін. Әдетте, мұндай жасөспірімдердің тұрақты қызығушылықтары жоқ, спорттық және басқа үйірмелер мен секцияларға қатыспайды, мақсатсыз уақытты өткізуге мәжбүр болады. Жазғы кезеңдегі құқық бұзушылықтар туралы ақпарат.

Сөйледі: Күн тәртібіндегі IV мәселе бойынша ДТІЖО О.Ж.Тержанова сыныптар бойынша ата-аналар жиналысы (сұрақ/жауап) туралы айтып өтті. Балалардың бос уақытындағы қауіпсіздік ережелері туралы ескерту жұмыстарын жүргізу керектігін айтты.

**Шешім:**

1. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2022-2023 оқу жылындағы ерекшеліктері тыңдалды, оқу жылында назарға алынсын.

2. Білім беру мекемесінде оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру қамқоршылық кеңес мүшелері асханада мониторинг жүргізсін.

3. Құқық бұзушылықтың алдын алу және қоғамдық тәртіп ережелерін сақтау назарға алынсын. Жазғы кезеңдегі құқық бұзушылықтар туралы ақпарат берілсін.

4. Сынып бойынша ата-аналар жиналысы өткізілсін.

Сөйледі: Күн тәртібіндегі III мәселе бойынша ДТІЖО А.Б.Кенжина «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деп айтқандай, әрбір ата-ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне аса мән беріп, бос уақытта немен айналысатынына қатаң бақылау жасалып отырса, жасөспірімдер арасында болатын құқықбұзушылық пен қылмыстың болмауына көп септігін тигізер бірден бір себеп болатын еді. Нақты айтсақ, құқықтық білім беру арқылы жасөспірім құқықтың не екенің ұғынады және оның санасы қалыптасып, дамиды. Құқықты ұғынумен қоса, тұлғаны заңды құрметтеуге, қорғауға, орындауға дағдыландыру мен заңның әділдігіне сендіру-құқықтық сананың негізгі белгілері болып табылады. Аталған белгілер оқушыларды құқықтық тәрбиелеу-отбасынан және мектеп табалдырығынан бастап жүзеге асады. Осы мақсатта мектепте құқықтық кеңесте қарастырлатын ата – аналар жиналыстары, дәрістер, заң қызметкерлерінің қатысуымен кездесулер, ұстаздар тәжірибесімен ой бөлісулер, пікірталастар мен дөңгелек үстелдер сияқты ата – аналармен тығыз байланыстағы жұмыс жолдары жоспарға сәйкес өткізілуде.

Мектеп психологі Тауфих А. жазғы кезеңдегі құқық бұзушылықтар туралы ақпарат берді. Құқық тәртібін бұзуға бейім балалар қайдан шығады? Кейбір ата-аналардың бала тағдырына алаңдамауынан, оларды өз беттерінше қалдырып, мектептен тыс уақыттарында немен айналысып жүргендерін қадағаламауынан пайда болады.

Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі-балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу керектігін айтты.

Жасөспірімдердің қалыптасуына әсер ететін факторлар:

Отбасы. Отбасындағы қарым-қатынас жасөспірім үшін, оның тұлға ретінде қалыптасуы үшін үлкен тәрбиелік мәнге ие. Қазіргі уақытта көптеген отбасыларда балаларды ата-аналардың бірі, көбінесе анасы тәрбиелейді, бұл жасөспірімдерді тиісті қадағалаудың болмауына әсер етеді, оған моральдық қолдау, қамқорлық, көңіл бөлінбейді-мұның бәрі тұлғаның қалыптасуына кері әсер етеді.

Мектеп. Мұғалімдермен қарым-қатынасы қиын жасөспірімдер көбінесе сыныпта оқшауланып, өздерін бөтен сезінетіндігімен, әдетте қиын жасөспірімдер нашар оқитындығымен күрделене түседі. Оқуы қиын